

Аналитикалық есеп

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ
МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУГЕ
ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС**

ҚЫСҚАША НҰСҚАСЫ

Осы есеп аясында Қазақстан тұрғындарының гендерлік теңдіктің негізгі аспектілерінен хабардарлығы деңгейін талдауға бағытталған жан-жақты социологиялық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Есепте гендерлік стереотиптерді зерттеуге, білім, жұмысқа тұру және отбасылық қарым-қатынастар сияқты маңызды салалардағы гендерлік кемсітушілік мәселелерін анықтауға, гендерлік зорлық-зомбылық тақырыбына, сонымен қатар елдегі әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту ықтималдығын бағалауға ерекше назар аударылады.


Зерттеуге талдаудың сандық та, сапалық та әдістері, оның ішінде елдің әртүрлі өңірлерінде 18 жастан асқан 3.800 респондент арасында сауалнама жүргізу, алты кәсіби саланың өкілдерімен фокус-топтар өткізу және сарапшылармен сұхбат жүргізу кірді. Зерттеудің географиялық аясы – Қазақстанның 17 облысы және республикалық маңызы бар үш қала – Астана, Алматы және Шымкент.

Мұндай зерттеулер елдегі гендерлік теңдіктің қазіргі жағдайын түсінуде маңызды рөл атқарады және тиімді саясаттар мен ұсынымдар әзірлеуге септеседі. Зерттеу негізінде ұсынылған ұсынымдар қоғамдық өмірдің барлық деңгейлерінде бар кедергілерді еңсеруге және гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағытталған пікірталастарды әрі қарай жалғастыруды және тиісті саясаттар әзірлеуді ынталандыруға арналған. Мұндай бастамалар әр адамның құқықтары мен мүмкіндіктері толық жүзеге асырылатын және қорғалатын әділ және инклюзивті қоғам құру үшін маңызды мәнге ие.

ТҮЙІНДЕМЕ

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТЕН ХАБАРДАРЛЫҚ



Қазақстандықтардың көпшілігі гендерлік теңдік, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту ұғымдарын онша түсінбейді, гендерлік мәселелерге қызығушылық танытпайды, аталған ұғымдармен байланысты мәселелерге тереңірек үңілуге немесе олардың бар екенін мойындауға құлықсыз.



Пайдаланылған терминге қарай респонденттердің **33,5%**-нан **39,4%**-на дейінгі үлесі «гендер», «гендерлік теңдік», «әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту», «феминизм» сияқты ұғымдардың мағынасын білетінін айтты.

Сандық сауалнамаға сәйкес респонденттердің **76,5%**-ның пікірінше, елдегі гендерлік жағдай қанағаттанарлық, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері жеткілікті, тіпті тым көп. Көбінесе ер адамдар осылай ойлайды. Әйелдер арасында құқықтары толық екеніне сенімділерінің үлесі төмен.

Қазақстанда әйелдердің құқықтары жеткілікті немесе тым көп екеніне сенімді респонденттердің үлесі




Өзекті гендерлік мәселелердің арасында сарапшылар әйелдердің саяси салада және басшылық лауазымдарда аз екенін, еңбекақыдағы гендерлік айырмашылықты, еңбек нарығында көлденеңінен де, тігінен де гендерлік сегрегация және кемсітушілік бар екенін, заңнамадағы олқылықтарды, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық пен алымсақтықты (харрасмент) атайды. Мұндай мәселелердің болуы бұқаралық сауалнама және фокус-топтық талқылау нәтижелерін ішінара растайды, алайда аталған мәселелердің көпшілігін респонденттер жете түсінбейді.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстандағы жастар гендерлік теңдік идеясына көбірек ашық, бірақ олардың құндылықтары негізінен белгілі бір өңірге немесе отбасына тән әлеуметтік көзқарастар мен стереотиптердің ықпалымен қалыптасады. Мұны фокус-топ деректері де растайды.

ҚОҒАМДЫҚ СТЕРЕОТИПТЕР


Әйелдердің басты қызметі бала туу және тәрбиелеу деп саналатын әлеуметтік гендерлік рөлдер туралы қалыптасқан стереотиптер кешені негізінен Қазақстандағы гендерлік теңсіздікке себепші болып табылады. Сол стереотиптердің әсерінен мансап, қоғамдық немесе саяси қызмет сияқты өзін-өзі көрсетудің өзге жолдары екінші орынға ығысады. Сонымен бірге гендерлік рөлдер, ерлер мен әйелдердің мінез-құлық стереотиптері балалық шақтан бастап қалыптасады. Бұл туралы сарапшылар да, фокус-топтық талқылауларға қатысушылар да айтады.

«Әйелдің басты міндеті – отбасында жайлылықты қамтамасыз ету, балаларды тәрбиелеу, дамыту және денсаулығын күту, әйел жұмыс істемеуі керек» деген пікірмен келісетін респонденттердің үлесі




Стереотиптер әйелдердің қоғамдық ортада өз орнын табуға және өзін көрсетуге әсері ерекше күшті: екі жыныс өкілдерінің пікірінше, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері саясатта және қоғамдық өмірде бәрінен де аз, ал отбасында – бәрінен де көп. Сонымен қатар көптеген қазақстандық әйелдер үшін өздеріне жүктелген шектеулі функциялар таршылық етеді, мұны олар ашық көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, әйелдер ерлерге қарағанда гендерлік кемсітушілікке көбірек ұшырайды және гендерлік теңсіздік бар екені туралы көбірек айтады.

Гендер негізінде құқықтары бұзылғанын айтатын респонденттердің үлесі




Құқықтары мен мүмкіндіктері жеткіліксіз екенін сезетін әйелдердің үлесі




Гендерлік теңсіздік отбасынан басталады. Сауалнамаға қатысқан ерлер де, әйелдер де отбасында ер адам басшы болуы керек деп есептейді.


Отбасында ер адам басшы болуы керек деп есептейтін респонденттердің үлесі



Отбасын басқаруда жұптың жауапкершілігі тең болуы керек деген нұсқаны таңдаған респонденттердің үлесі



Отбасында әйел басшы болуы керек деп есептейтін респонденттердің үлесі



Гендерлік кемсітушілік әйелдер мен қыздардың білім алуда да, кейін жұмысқа орналасуда да мүмкіндіктерін шектейді. Сандық сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің **54,3%** жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерия және математика (STEM) саласындағы мамандықтар қыздарға жарамайды деп нық сеніммен айтты. Бұл ретте фокус-топқа қатысушылар да, сарапшылар да еңбек етудің кейбір салаларында гендерлік сегрегация мен кемсітушілік бар екенін айтады, осыны бұқаралық сауалнама деректері де растап отыр.



Әрбір үшінші қазақстандық «ер» және «әйел» мамандықтары бар деп санайды




әрбір төртіншісі жұмысқа қабылдау жағдайлары тең емес деп санайды



әрбір алтыншысы ерлер ұқсас жұмыс үшін әйелдерге қарағанда көбірек жалақы алады деп санайды

Әйелдердің еңбек нарығына қатысуына ерлердің көзқарасын талдай отырып, көзқарастардың айтарлықтай өзгергіштігін байқауға болады. Ерлердің көпшілігі (**75,0%**) әйелдің жұмыс істеуі және жеке табысы болуы керек деген пікірде. Сауалнамаға қатысқан ерлердің азырақ саны (**69,2%**) әйелі немесе серіктесі олардан көп табыс таба алатынын мойындайды. Дегенмен, ер респонденттердің тек **50,3%**-ы әйел өз табысын толығымен дербес басқара алады деп есептейді. Зерттеу сонымен қатар әйелдердің қаржылық тәуелсіздігіне деген көзқарастағы аймақтық айырмашылықтарды анықтады. Қазақстанның солтүстік облыстарының респонденттері әйелдердің өз табыстарын бақылау құқығын көбірек қолдайды, ал елдің оңтүстік өңірлерінің респонденттері мұнымен келіспейді. Бұл ретте, әйел өз табысын күйеуіне немесе ата-анасына (өзінің немесе күйеуінің) беруі керек деп есептейтін респонденттердің үлесі Астанада – **2,7%**, Алматыда – **5,3%**, Шымкентте – **19,0%** құрайды.


Гендерлік стереотиптер ерлердің көбінесе әйелдерді қоғамдық немесе саяси өмірдің белсенді қатысушылары ретінде қабылдауға дайын емес екеніне, әйелдің елді басқара алатынымен одан да жоғары дәрежеде келіспейтініне ықпал етеді.



ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

Сарапшылар гендерлік зорлық-зомбылық, оның ішінде интимдік жұп тарапынан зорлық-зомбылық, сондай-ақ алымсақтық (харассмент) қазіргі заманғы Қазақстан үшін өзекті мәселе екенін атап өтеді. Мұны сандық зерттеу деректері де растайды.

Әйелдер жұмыс орнында алымсақтыққа тап болады деп есептейтін респонденттердің үлесі




Респонденттердің көпшілігі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы пікір білдіргенімен, көбісі келісімсіз жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу, күйеуінің немесе жұбының әйелді қорқытуы мен қоқан-лоқы көрсетуі, әйелінің немесе жұбының сыртқы келбетін, қаржысын және қарым-қатынасын бақылауда ұстауы гендерлік зорлық-зомбылықтың көрінісі екенін жете түсінбейді.

Ерлер әйелін немесе жұбын толық немесе ішінара бақылауға «құқығы бар» деп есептейтін респонденттердің үлесі




Ерлердің әйеліне немесе жұбына толық немесе ішінара келесі әрекетті құптайтын респонденттердің үлесі



Сарапшылар гендерлік зорлық-зомбылық тұрғысынан қандай да бір нақты өңірлерді бөліп көрсетуге бейім емес немесе көшбасшылар қатарында Қазақстанның оңтүстік және батыс аймақтарын атайды. Сонымен қатар сандық зерттеуге сәйкес Шымкентте әйелдерге физикалық зорлық-зомбылық көрсетуді құптайтын респонденттердің үлесі Ақмола облысына немесе Алматы қаласына қарағанда **5,1 есе**, Астана қаласына қарағанда **5,7 есе**, Солтүстік Қазақстан облысына қарағанда **7,3 есе** көбірек.

Ерлер тарапынан әйелдерге қандай да бір жолмен физикалық зорлық-зомбылық көрсетуді жол беретін респонденттердің үлесі



Ер адам толық құқығы негізінде немесе жағдайға байланысты келесі әрекеттерді әйел адамға жасай алады деп есептейтін Шымкент қаласы респонденттерінің үлесі



ҰСЫНЫМДАР

Гендерлік тепе-теңдікті жақсартуға бағытталған шараларды әзірлеу және жүзеге асыру мемлекеттік құрылымдар деңгейінде де, азаматтық қоғам аясында да күш біріктіруді қажет етеді. Бұл міндеттің өзектілігін елдің халықаралық міндеттемелері мен жаһандық орнықты даму мақсаттарында ғана емес, сонымен қатар әрбір адам дамуы және өзін-өзі білдіру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болатын әділ және инклюзивті қоғам құрудың ішкі қажеттілігін айқын көрсетеді. Осы тұрғыда төменде зерттеу шеңберінде гендерлік мәселелер жөніндегі сарапшылардың ұсынымдары берілген. Бұл ұсынымдар гендерлік теңдіктің негізгі аспектілерін шешуге және қоғамның барлық мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Қоғамның гендерлік теңдіктен хабардарлығын арттыру

Қоғамда гендерлік теңдік мәдениетін тереңірек түсінуді және нығайтуды қамтамасыз ету үшін есепте жан-жақты бастамаларды жүзеге асырудың маңыздылығы атап көрсетілген. Мұндай бастамалар БАҚ платформалары мен Интернет-ресурстарда әртүрлі медиаформаттар арқылы қоғамды жүйелі түрде ақпараттандыруды қамтуы тиіс. Тиімді қабылдауды қамтамасыз ету үшін ақпараттың қолжетімділігі мен оны тарату жүйелілігіне ерекше назар аудару керек.

Жастарды стратегиялық тұрғыдан қатыстыру

Есепте өскелең ұрпақты ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын насихаттайтын мәдениетке баулуда стратегиялықәдіс-тәсілдерқажетекеніатапкөрсетілген. Яғни, білім беру бағдарламаларына тиісті тақырыптарды кіргізуді және аталмыш процесте мемлекеттік құрылымдардың белсенді өзара әрекеттесуін көздейді. Мұндай тәсіл ерте жастан бастап әділдік және гендерлік әралуандылықты құрметтеу негіздерін қалыптастыруға көмектеседі.

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет

Тараптардың бітімге келуі себепті істерді жабу дағдысын жою қажет екеніне баса назар аудара отырып, гендерлік зорлық-зомбылық пен харасментке қарсы заңнамалық шараларды күшейткен жөн. Сондай-ақ сот процестерінің ашықтығын арттыруды қамтамасыз ету, жәбірленушілерді қолдау және агрессорлармен алдын алу жұмыстарын жүргізу бойынша кешенді бағдарламаларды әзірлеу ұсынылады. Сонымен қатар гендерлік зорлық-зомбылыққа қатысты істерде полиция жұмысының тиімділігін арттыру шараларын қолдану ұсынылады.

Қолдау инфрақұрылымын құру

Гендерлік зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге қолдау көрсету инфрақұрылымын құру бойынша кешенді шараларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ету қажет. Олар тек консультация беру және психологиялық қызметтер көрсетуді ғана емес, сондай-ақ осындай көмек көрсетілетіні туралы халықты белсенді түрде хабардар етуді де қамтуы тиіс. Әр адам өз құқықтары мен қолдау алу мүмкіндіктерін білуі маңызды.

Гендерлік теңдікті мемлекеттік қолдау





Есепте мемлекет пен қоғам тарапынан елдегі гендерлік теңдікті одан әрі дамыту және нығайту шараларын белсендіру ұсынылады. Бұған гендерлік саясатқа мониторинг жүргізу және іске асыру бойынша кең өкілеттіктері бар мамандандырылған мемлекеттік органдар құру, сондай-ақ әйелдер мен ерлердің құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру кіреді. Әрбір азаматтың өзін-өзі білдіруі және қоғам дамуына үлес қосуы үшін тең мүмкіндіктерге ие болатындай жағдай жасауға ұмтылу маңызды.







«БҰҰ-әйелдер» құрылымы
Әзірбайжан Мамбетов көшесі, 14
Астана қаласы, Қазақстан
www.unwomen.org



БҰҰ Даму бағдарламасы
Әзірбайжан Мамбетов көшесі, 14
Астана қаласы, Қазақстан
www.undp.org/kk/kazakhstan

-  @unwomenkazakhstan
-  @unwomenkazakhstan
-  @unwomeneca
-  @UNWomenEuropeandCentralAsia

-  @UNDPKazakhstan
-  @undp.kazakhstan
-  @UNDPKAZ
-  @UNDPKAZ

